

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ЭКСПО - 2017» БҮКІЛӘЛЕМДІК КӨРМЕ**Есқараева Гүлдана Русланқызы***guldi_guldi_96@mail.ru*

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі - Слямова Б.И.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2014 жылғы (17 қаңтар) Жолдауында Қазақстан Республикасының тарихына енетін 10 креативтік идеяны анықтады. Соның ішінде: «Энергетикада – ЭКСПО – 2017-ге дайындық барысында Астана болашақтың энергиясы мен жасыл экономиканы іздеу мен құру жөніндегі озық әлемдік тәжірбиені зерттейтін және енгізетін орталыққа айналды. Жаңа мұнай өңдеу зауыты салынып, ядролық энергетика, оның ішінде атом станциясының құрылысы дамиды» - деп айқын да нақты көрсетті Елбасы өзінің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, Бір мүдде, Бір болашақ» атты Жолдауында «Астана ЭКСПО – 2017» Бүкіләлемдік жетістіктер көрмесі Қазақстанның электр энергетикасының дамуындағы маңызды мәселенің бірі» деп атап айтты.

«Астана ЭКСПО – 2017» - Еліміздің ұлттық жобасы деп Қазақстан Республикасының электроэнергетикасының болашағы ретінде қарастырылуда. Бүкіләлемдік жетістіктер көрмесіне Қазақстан бірінші рет 2005 жылғы 25 наурыз бен 25 қыркүйек аралығында Жапонияның АИЧИ префектурасында болған көрмеге қатысты. Бұл көрменің ұраны – «Табиғат кеменгерлігі». Көрменің негізгі мақсаты техногендік заманның ең жаңа технологияларының қоршаған ортаны қорғауға тигізетін ықпалын көрсету.

Бүкіләлемдік көрмеге қойылған Қазақстан жәдігерлері, көрмені тамашалауға келген туристтерге Қазақстанды жан-жақты таныстыруға жағдай жасады. Кейін Қазақстан Испания Корольдігіндегі «ЭКСПО – 2008, Сарагосада», Қытай Халық Республикасындағы «ЭКСПО – 2010, Шанхайда», Оңтүстік Кореядағы «ЭКСПО -2012, Есуда» көрмелеріне қатысты. Испания Корольдігінің Саргоса қаласында «Су және тұрақты даму» ұранымен өткен «ЭКСПО – 2008» Дүниежүзілік көрмесіне әлемнің 104 мемлекеті павильондарының арасында Қазақстан павильоны «С» дәрежесі бойынша Қола жүйені иеленді. Қазақстанда Дүниежүзілік көрме өткізу идеясын алғаш рет Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев осы көрменің ашылу салтанатында жариялады да, 2011 жылдың 10 маусымында «ЭКСПО – 2017»-ні Астана қаласында өткізу жөніндегі ресми өтініш Париж қаласындағы Халықаралық көрмелер бюросына тапсырылды [1].

2012 жылы Халықаралық көрмелер бюросының штаб пәтері орналасқан Париж қаласында халықаралық ұйымға мүше 160 мемлекеттің 100-ден астамы дауыс беріп Қазақстан елордасы – Астана қаласы 2017 жылғы Бүкіләлемдік көрмесін өткізетін басты құрметін жеңіп алды. Бүкіләлемдік «ЭКСПО – 2017» көрмесін өткізу құқығына орталық Азия мен ТМД мемлекеттерінің арасынан бірінші болып Астана қол жеткізді. 2012 жылдың 7 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «ЭКСПО – 2017» Халықаралық көрмесін Астанада өткізу туралы шешім қабылдануына байланысты Қазақстан халқына Үндеуі жарияланды.

«ЭКСПО – 2017» - Қазақстанның зор табысы. Халықаралық көрмелер өткен 160 жылдан астам уақытта олар негізінен экономикалық алыптар саналатын АҚШ, Франция, Канада, Ұлыбритания, Испания, Қытай және басқада елдерде өтті. Енді олардың қатарына Қазақстанда қосылып отыр. Бұл Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму ісіндегі табыстарын халықаралық қоғамдастықтың мойындауы. Біз үшін халықаралық көрмелер бюросына мүше 160 мемлекеттің басым көпшілігі дауыс берді. Іс жүзінде Астананы бүкіл әлем тандады. «ЭКСПО – 2017» – біздің еліміз үшін жаңа энергетиканың және «жасыл» технологиялар алуда аса зор мүмкіндік. Бұл Қазақстандағы тағы бір «халықтық құрылыс» болмақ.

«ЭКСПО-2017» ел бюджеті үшін шығын деп ойламай, инвестиция ретінде қарауымыз керек деп есептеймін. Әлемдік тәжірибе мен болжамдар бойынша, мұндай шараға ондаған миллион турист келетіні айтылады. Үш айдың ішінде жоқ дегенде бір миллион турист келіп, әрқайсысы Қазақстан экономикасына үш мың доллардан тастап кеткен күннің өзінде де, үш миллиард долларлық кіріс деген сөз. Кететін шығынды ақтау үшін, демек, осыдан кем болмауы тиіс. Ол үшін бұл шараны тек үкіметтік ұйымдар ғана емес, бүкіл халық, кәсіпкерлер дұрыс қабылдап, тиісті түрде дайындалуы керек.

Меніңше, бұл ірі халықаралық шараны дұрыс қолданған жағдайда мынадай пайдасы тиеді:

- Шағын және орта кәсіпкерлер келген туристер есебінен пайда табады;
- Шағын және орта кәсіпкерлер инфрақұрылым дайындау, ғимараттар құрылысы кезінде пайда таба алады;
- Қала көркейе түседі;
- Ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға болады: біздің тарихымызға, мәдениетімізге, әдебиетімізге қатысты түрлі кітаптарды шет тілдерге аударып, келген туристерге ұсынуға болады, жан-жақты қосымша көрмелер, концерттер ұйымдастыруға болады, т.б.

Ол үшін үлкен дайындық жұмысы қажет. Халықтың үлесі қажет. Мысалы, меніңше, әрбір қазақстандық шамасы келгенше осы шараны насихаттап, сырттан қонақтар, туристер шақыруға өз үлесін тигізсе, одан бәріміз ұтамыз. Интернет арқылы, әлеуметтік желілер арқылы айтуға болады. Мысалы, біз шетелмен жұмыс істейтін компания ретінде, шетелдік әріптестерімізге, таныстарымызға сөз ете жүреміз. Уақыт жақындағанда, тіпті барлық корпоративтік хаттарымызға, фирмалық бланктерімізге, визиткаларымызға ЭКСПО-ның логотипін орнатып қоюды жоспарлап отырмыз. Мұндай тәжірибені көптеген елдерден көргеніміз бар. Одан қалса, сол жылға ірі бизнес форумдар, түрлі кәсіби халықаралық жиындарды көбірек жоспарлауға болады. Әйтеуір, жеке тұлға ретінде де, кәсіпорындар ретінде де жан-жақты үлес қоссақ, одан ешкім ұтылмайды, қайта ұтады деп сенем. Тіпті, арнайы осы шараға қатысты жобалар мен өндірістерді қаржыландыратын арнайы қаржылық өнімдер мен құралдар жасақтауға да болатын шығар. Сол арқылы сапалы, жақсы бизнес идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік туар [2].

2013 жылдың қазан айының 22 жұлдызында «ЭКСПО – 2017» Бүкіләлемдік көрме кешенінің үздік эскиз-идеясы Халықаралық архитектуралық конкурсының қорытындысы жарияланды. Америкалық жоба жеңімпаз аталды. «ЭКСПО – 2017» Бүкіләлемдік көрменің басты символы болып шар (сфера) қабылданды. Осы қабылданған жоба туралы қысқаша мәлімет: Қазақстан павильоны киіз үйге ұқсайды. Ол шар (сфера) айрықша нысан. Ол үш қабатты ғимарат, диаметрі 150 м. Автордың көзқарасы бойынша, осы эскиз-жоба қазақтың ұлттық дәстүрлерін «үшінші өнеркісіптік ревалюция» және «Болашақтың энергиясымен» байланыстырады. Эскиз-жобадан одан әрі өз орындарын тапқан нысандар «Энергия әлемі», «Тіршілік үшін энергия», «Қолжетімді энергия», «Менің болашақ энергиям» тақырыптық павильондары.

«Астана –ЭКСПО-2017» бүкіләлемдік көрмесіне жүзден астам қатысушы елдер өз павильондарын ұсынады. Ерекше нысан-өнер орталығы. Бұл «ЭКСПО-2017» көрмесіне мәдени ойын-сауық бағдарламасы үшін арнайы жасалынатын алаң. Одан кейін корпаративтік павильондар қарастырылған-бұл көрме демеушілері мен серіктестерінің павильондары. Тәжірибелер аймағы-бұл жерде баламалы энергияны қолданудың үздік мысалдары ұсынылады. Конгресс орталығы-яғни конгрестер, конференциялар және форумдар өткізіледі. 10 мың орынға арналған көлік тұрағы жобаланған. Астанада 2017 жылы «ЭКСПО» бүкіләлемдік көрмесін өткізу елорданың, жалпы бүкіл еліміздің экономикалық және инфрақұрылымдық дамуына жаңа серпін береді. Яғни, 2017 жылдың 10 маусымы мен 10 қыркүйегі аралығында көрмеге әлемнің 100 елі мен 10 халықаралық ұйымның 5 миллионға тарта туристтер келмек. Бұл Қазақстанның халықаралық сахнадағы беделін бұрынғыдан да арттырып, Астананың аймағын тағы да әлемге жария етеді. Астана

энергетика саласында үздік идеялар мен тәжірибелерді жинайтын, ғылым мен техниканың, жаңа технологияның ең озық нәтижелерін ұсынатын орталыққа айналады [3].

Еуропа елдері қазірдің өзінде күн мен жел энергиясын сенімді түрде молынан игеруде. Болашақта таусылмайтын қуат көзі ретінде сутегін игеруді жолға қоюда. Демек, баламалы және қайта жаңғыртылатын қуат көздерін игеруге, «Жасыл» экономикаға көшу мәселесін Елбасымыз алдағы 40 жылдың аса өзекті мәселесі ретінде бекерден-бекер атап көрсеткен жоқ. Әрине, Қазақстан мұнай мен газға, басқа да шикізат көздеріне бай ел ретінде таяудағы болашақта дәстүрлі қуат көздерін дамытуға ерекше көңіл бөлетін болады. Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы (17қаңтар) жолдауында бұл жайында анық жазылған. Осы жылдарда, Астана энергетика саласында үздік идеялар мен тәжірибелерді жинайтын, ғылым мен техниканың ең озық нәтижелерін ұсынатын орталыққа айналады деп көрсетілген.

Бүкіләлемдік «Астана ЭКСПО -2017» көрмесін жоғары деңгейде ұйымдастыру бүкіл әлемге экономика, техника, жаңа технология, инновация салаларындағы үздік үлгілерді көрсету, түсіндіру, жеткізу және дұрыс пайдалану Қазақстан елінің соның ішінде энергетиктердің негізгі мақсаты болып табылады. Жел энергиясы жөніндегі әлемдік кеңестің мәліметі бойынша, 2020 жылы жел электр стансалары өндіретін электр энергиясының көлемі жаһандық тұтыну деңгейінің 12 пайызын қамтамасыз етуі мүмкін. Бұл орайда жаңадан 1,4 миллион жұмыс орны ашылып, ауаға таралатын көмірқышқыл газының көлемі жылына 1,5 миллиард тоннаға дейін азаяды. Яғни қазіргі көлемінен 5 есе қысқаратын болады. Ал 2030 жылға таман жаһандық энергетикалық өндірісте жел энергетикасының үлесі 20 пайызға жетпек. Жел энергиясы жөніндегі әлемдік кеңес жел энергетикасының болашағын 2020, 2030 және 2050 жылдар кезеңінде көрсеткіштер бойынша 3 кезеңге бөліп қарастырады.

Бірінші кезеңде жел энергетикасын дамытуда жоғарыда айтылған ХЭА-ның баяндамасына байланысты «жаңа саясат» сценарийі жүзеге асырылатын болады. Бұл сценарий бойынша 2020 жылы жел энергетикасының үлесі 1,4 мың тереватт-сағат (1 тереватт-сағат 1 миллиард киловатт-сағатқа тең) электр энергиясы өндіріледі. Ал 2011 жылы әлемдегі барлық өндірілген жел энергиясының қуаты 480 тереватт-сағатқа тең болды. Бұл өз кезегінде жаһандық электр энергиясын тұтынудың 6-6,4 пайызын құрайды. Еуропалық одақтың энергобалансындағы жел энергетикасының үлесі қазір дәл осы көлемде. 2030 жылға таман оның көлемін 2,4 мың тереватт-сағатқа немесе жаһандық тұтыну мөлшерінің 9 пайызына дейін жеткізу көзделініп отыр. Қазір жекелеген елдерде жел энергетикасының қуаты елдегі бүкіл электр энергиясына деген сұраныстың бестен бір бөлігін қамтамасыз етеді. Мәселен, Испания және Дания мемлекеттерінде жел генераторлары барлық тұтынатын электр қуатының 20 пайызын, ал Германияда 10 пайызын қанағаттандырады. 2020 жылы ФРГ-да бұл көрсеткіш 20-25 пайызға дейін жеткізілмек [4].

Бүкіләлемдік жел энергетикасы ассоциациясының (БЖЭА) мәліметі бойынша, өткен жылы бүкіл дүние жүзінде жалпы қуаты 40 гигаватт жел қондырғылары орнатылған. Сөйтіп, 2011 жылы әлемдегі барлық жел электр стансаларының жалпы қуаты 237 гигаватты құрады. Бұл 280 ядролық реактор қуатының көлеміне тең. Айта кетер болсақ, қазір әлемде барлығы 380 ядролық реактор жұмыс істеп тұр. БЖЭА-ның болжамдары бойынша, 2020 жылға таман жел генераторларының жалпы қуаты 4 есе өсіп, 1 мың гигаватт электр қуатын өндіретін болады. Соңғы кезде жел энергетикасын дамыту жөнінде Қытай тұрақты түрде көшбасшы болып келеді. 2011 жылы әлемде орнатылған жаңа жел генераторларының жартысына жуығы Аспан асты елінің үлесіне тиді. Дегенмен, жан басына шаққанда жел генераторы арқылы электр қуатын өндіруде Дания, Испания, Германия сияқты Еуропалық одақтың мемлекеттері алда келеді. Жел генераторлары арқылы өндірілген электр қуаты Қытай Халық Республикасында барлық электр қуатының 3 пайызын ғана құрайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев атап айтқандай Астана электроэнергетика саласында үздік идеялар мен тәжірибелерді жинайтын, ғылым мен техниканың, жаңа технологияның ең озық нәтижелерін ұсынатын және сол шешілетін мәселелерді тиімді пайдаланатын орталыққа айналуы тиіс. Қазақстанда атом энергиясы, күн

сәулесінің энергиясы және жел энергиясы жан-жақты және қарқынды түрде пайдаланылатын болады. Соның нәтижесінде электроэнергияны қолданатын ғылыми мекемелер, өндіріс салалары дамиды да, Еліміздің экономикасы жоғары деңгейде болатын болады. Тек сонда ғана Қазақстан Республикасы әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру жоспары орындалады деп есептеймін [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә., «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, Бір мүдде, Бір болашақ», Егемен Қазақстан. - №11, 18.01.2014ж.
2. Нұғманбекова Раушан, «Атом қуаты – адам игілігі», Егемен Қазақстан. - №125, 27.06.2014ж.
3. Назарбаев Н.Ә., «Қазақстан Республикасының ЭКСПО – 2017 Халықаралық көрмесін Астанада өткізу туралы шешім қабылдануына байланысты Қазақстан халқына Үнлеуі», Егемен Қазақстан. - №807 - 808, 07.12.2012ж.
4. Жылқыбай Жағыпарұлы. «Астана ЭКСПО – 2017», Егемен Қазақстан. – 10 шілде 2014ж.
5. Талғат Ермағияев., «Қазақстанның серпілісі үшін тың мүмкіндіктер», Егемен Қазақстан – 21 мамыр 2014ж.

УДК 336

ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жахин Ануар Калкенович

anuar-08@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономикалық факультеті, «Қаржы» мамандығының магистранты,

Ғылыми жетекшісі – э.ғ.д., профессор Сембиева Л.М.

Халықты әлеуметтік қорғауға жұмсалатын шығыстар мемлекет шығыстарының жүйесінде үлкен орын алады. Нарықтық қатынастарға көшу жағдайында халықты әлеуметтік қорғау басым бола бастайды және тұтыну тауарлары мен қызметтер көрсетуге бағаның өсуіне байланысты, сондай-ақ инфляцияның және ақшаның құнсыздануының нәтижесінде өседі. [1]

Қазақстанның нарықтық экономикаға көшу салдарынан үлкен әлеуметтік-экономикалық мәселелер пайда болды. Қазіргі уақытта ол мәселелер шешімдерін табуда, бірақ жалпы жағдайды алғанда әлі де экономикалық тұрақсыздық (тұрақсыз экономикалық өсім), әлеуметтік қабаттар арасында теңсіздіктің өсуі және халықтың көп бөлігінің өмір деңгейінің төмен болуымен сипаттауға болады. Әрине бұндай жағдай қазақстандық әлеуметтің кризистік халін көрсетеді. Бүгінгі күні жалпы кедейшілік және халықтың үлкен бөлігінің әлеуметтік қорғалмағандығы көрінеді.

Әлемдік және мемлекетіміздің тәжірибесі көрсеткендей кризистердің теріс ықпалы және ауырталықтары ең алдымен аз қорғалған халық тобына тиеді. Сондықтан әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау механизмдері мемлекеттік реттеудің ең басты және қажетті элементтері болуға тиіс.

Әлеуметтік бағытталған қалыптастыру үстіндегі Қазақстанның нарықтық экономикасының ең үлкен міндеті болып қоғамның барлық топтарын әлеуметтік қорғау және эффективты әлеуметтік саясатты құру болып табылады.

Осы орайда дамыған мемлекеттердің нарықтық экономикаға қатысу тәжірибесін қарастырып, оның ішінде халықты әлеуметтік қорғау саласында және осы тәжірибені Қазақстанда қолдану мүмкіншілігін қарастыру қажет. [2]